

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің "Бөбек" балалар бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 2024 жылдың қаңтар айы мен желтоқсан айында жүргізілген жұмыстар туралы есебі.

Балабақша Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, №8 Қайрат Рысқұлбеков көшесінде орналасқан.

Балабақшада бүгінгі таңда 80 бала тәрбиеленуде. Балабақшада төрт топ бар. Үш топ қазақ тілінде оқытылады. Ересек қазақ «Шаңырақ» тобы, ортанғы қазақ «Санаториялық» тобы, кіші «Балапан» тобы. Орыс тілінде оқытылатын ортанғы орыс «Пчелки» тобы. Балалармен 14 педагог жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда: меңгеруші, әдіскер, қазақ тілі оқытушысы, педагог - психолог, муз. жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және 8 тәрбиеші. Барлық педагогтер жоғарғы білімді.

Биылғы оқу жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының курсынан өткен педагогтар саны-3. Педагогтардың аттестациядан өтуіне мүмкіндіктер мен барлық жағдай қарастырылған. Осы уақыт аралығында балабақша тәрбиешілері аттестациядан өтіп 2 педагог -сарапшы, 6 педагог -модератор санатын алып, өз біліктіліктерін жоғарлатты. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша балабақшада «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» құрылып, ата-аналар мен балабақша арасында бірлескен іс-шаралар жүргізілуде. Балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған іс-шаралар: педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, өндірістік кеңестер, семинарлар, ата-аналар жиналыстары жоспарға сай жүргізілуде. Балабақшада ұжымының өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде жеткен жетістіктері аз емес. Тәрбиеленушілер жыл сайын мектепке дейінгі мекеме балаларына арналып өткізілетін аудандық, сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Балабақша тәрбиеленушілері «Қызыққа толы сәттер» бейнесюжеттер Республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Қызықты сюжет» номинациясымен «Пчелки» тобының тәрбиеленушілері мадақтамамен марапатталды. Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен өткен «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» Республикалық байқаудың аудандық кезеңінен «Үздік шығармашылық идея» номинациясымен ортаңғы «Пчелки» тобының тәрбиеленушісі Қайрат Бағдат Қордай ауданының білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды. Тәрбиеші Вязникова Н.А. ұйымдастыруымен өткен «Мен зерттеушімін» Республикалық мектеп жасына дейінгі балалар байқауының аудандық кезеңінде «Үздік бірлескен жұмыс» номинациясымен балабақшаның ортаңғы «Пчелки» тобының тәрбиеленушілері мадақтамамен марапатталды.

Педагог қызметкерлердің тамыз кеңесіне орай білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін тәрбиеші Кулатаева К.Б. алғыс хатпен марапатталды. «DIGITAL KAZAKHSTAN-ЗАМАНАУИ БІЛІМДЕ» тақырыбындағы педагогтердің аудандық тамыз кеңесінде, секция отырысында өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін балабақша әдіскері Кембаева А.М Қордай ауданының білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

1 – наурыз «Алғыс айту күніне» орай мектепке дейінгі ұйым педагогтары арасында өткізілген «Алғысым шексіз сіздерге» атты аудандық фестивальге қатысып II – ші орын иеленіп, аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтары арасында өткен «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» атты Республикалық байқауының аудандық кезеңінің жеңімпазы, балабақша тәрбиешісі А.М.Рыскелдиева III – ші орынға иеленіп мадақтамамен марапатталды.

Аудандық «Жүрегімді балаларға арнаймын» атты фестивальдің «Шығармашыл топ» номинациясының жеңімпазы «Бөбек» балалар бақшасының ұжымы III – ші орын алып мадақтамамен марапатталды.

Тәрбиеші Л.Т.Айнакожаеваның жетекшілігімен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Мен зерттеушімін» Республикалық байқаудың аудандық кезеңінің жеңімпазы «Бөбек» балалар бақшасының ересек топ тәрбиеленушілері II-ші орын иеленіп, мадақтамамен марапатталды.

Балабақша тәрбиешілері Рыскелдиева А.М, Сураншиева С.А

Джургенова Г.К Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Zeyindi-bala» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен

«Ілияс оқулары» атты Республикалық байқауына шәкірт дайындағандары үшін алғыс хатпен марапатталды. «Бөбек» балалар бақшасының психологы Куанышева Р.К. балалардың жазғы демалысын тиімді

ұйымдастырып, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін нығайтып, денінің саулығын арттыруға қосқан үлесі үшін Қордай ауданының білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталды. Білім беру саласында 40 жыл еңбек өтілі бар музыка жетекшісі Архипова С.Н аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының құрмет грамотасымен марапатталды және ҚР оқу - ағарту министрі Г.Бейсембаевтың алғыс хатымен марапатталды.

Жаңа 2025 жылға алдымызға қойған міндеттемелеріміз:

Педагогтардың біліктіліктерін көтеру. Педагог- шебер, педагог-сарапшы біліктілерінің үлестерін көбейту. Жыл сайын педагогтарды біліктіліктерін арттыру курстарына жіберіп, біліктіліктерін арттыру. Балабақшада ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында, балабақшаны ұлттық бұйымдармен, ойыншықтармен қамтамасыз ету.